

Д.Ж. АРЫНБАЕВА¹, Н.С. ХАЛИКОВА², А.Г. ҚҰРБАНОВ³¹Ө. Жәнібеков ат. Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: dildagul.arun@mail.ru²филология ғылымдарының кандидаты,Ө. Жәнібеков ат. Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: khalikova_nurila1976@mail.ru³филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Ө. Жәнібеков ат. Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: agarasha.kurbanov.67@bk.ru

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты құрылымдық және мағыналық жағынан жан-жақты талданады, олардың бойындағы өзара ұқсастықтары топтастырылып, ерекшеліктері айқындалады. Фразеологизмдер белгілі бір ұлттың мәдениетін, рухани құндылықтарын, дүниетанымын, сондай-ақ тіл құбылысының даму тарихын айқындауға қатысатын маңызды тілдік бірліктер болғандықтан, әр халықтың тілінде қалыптасқан тұрақты тіркестер арқылы көрініс табатын салт-дәстүрлері, ұлттық ерекшеліктері және әлеуметтік-мәдени құндылықтары зерделенеді. Қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологиялық бірліктерді зерттеу арқылы екі елдің этнолингвистикалық ерекшеліктері, тарихи байланыстары мен мәдени сабақтастықтары анықталады. Мақалада фразеологизмдердің шығу тегі, олардың лингвистикалық ерекшеліктері, ұлттық-мәдени бояуы мен оларды зерттеудің маңызына назар аударылады, қазақ тіліндегі фразеологизмдердің алуан түрлілігі мен олардың қазақ мәдениеті мен менталитетін айқындаудағы рөлі талданады. Нысанаға алынған екі халықтың фразеологизмдеріндегі ортақ және өзіне тән ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылып, олардың мағыналық құрылымы мен қолданылу аясы этнолингвистикалық тұрғыда түсіндіріледі. Сондай-ақ, фразеологизмдердің тілдегі рөлі, олардың мәдениетаралық қарым-қатынастардағы және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызы жан-жақты ашылады. Зерттеудің нәтижелері қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстырмалы талдау арқылы этнолингвистикалық көзқарасты кеңейтуге жол ашады.

Кілт сөздер: фразеологизмдер, этнолингвистика, қазақ тілі, түрік тілі, мәдени сабақтастық, ұлттық бірегейлік, түркі елдері.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Арынбаева Д.Ж., Халикова Н.С., Құрбанов А.Г. Қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №1 (135). – Б. 223–237. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.158>

*Cite us correctly:

Arynbaeva D.J., Halikova N.S., Kurbanov A.G. Qazaq jane turik tilderindegi frazeologizmderdin etnolingvistikalıyq sipaty [Ethno-Linguistic Nature of Phraseologisms in Kazakh and Turkish Languages] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2025. – №1 (135). – B. 223–237. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.158>

D.Zh. Arynbayeva¹, N.S. Khalikova², A.G. Kurbanov³*¹PhD Doctoral Student of U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: dildagul.aryn@mail.ru**²Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer
of U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: khalikova_nurila1976@mail.ru**³Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: agapasha.kurbanov.67@bk.ru*

Abstract. This article is devoted to identifying the degree of effectiveness of verbal-semantic means used to organize a pejorative thesaurus for distance learning. The factual material is based on the linguistic means of deprivation semantics involved in this kind of formation. The sources of the material were scientific articles that set out the perspectives of scientists regarding online learning. When analyzing the material, the thesaurus method, the method of semantic analysis, classification, and constructive research methods were used. The scientific significance of the work lies in two main aspects. The first aspect is based on the theoretical component since the study introduces the term "pejorative thesaurus" for the first time. The second aspect involves the use of this term in the context of identifying the degree of effectiveness of online learning: the article contains epistemological material that allows researchers to expand and deepen their understanding of the scientific discourse on distance learning. The novelty of the study lies in its attempt to prove the role of verbal-semantic means in conveying the meaning of deprivation in shaping the future trajectory of education from the perspective of the inefficiency of the online learning format. The practical significance of the work lies in the importance of using the obtained results in the social environment when developing the educational policy of states. Certain provisions can be applied to the practice of improving academic writing. The results of the study support the assertion that verbal-semantic structures conveying the meaning of deprivation in scientific articles in the context of distance education perform an effective function in the organization of a pejorative thesaurus.

Keywords: phraseology, ethnolinguistics, Kazakh language, Turkish language, cultural continuity, national identity, Turkic countries.

Д.Ж. Арынбаева¹, Н.С. Халикова², А.Г. Курбанов³*¹PhD докторант Южно-Казахстанского педагогического университета им. У. Жанибекова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: dildagul.aryn@mail.ru**²кандидат филологических наук, старший преподаватель
Южно-Казахстанского педагогического университета им. У. Жанибекова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: khalikova_nurila1976@mail.ru**³кандидат филологических наук, доцент
Южно-Казахстанский педагогический университет им. У. Жанибекова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: agapasha.kurbanov.67@bk.ru*

Этноязыковая природа фразеологизмов в казахском и турецком языках

Аннотация. В этой статье всесторонне анализируются этнолингвистические характеристики фразеологизмов в казахском и турецком языках с точки зрения их структуры и значения, выявляются их сходства и различия. Поскольку фразеологизмы являются важными языковыми единицами, участвующими в определении культуры, духовных ценностей, мировоззрения и истории развития языка конкретной нации, рассматриваются обычаи, национальные особенности и социокультурные ценности, выраженные через устойчивые выражения, присущие каждому народу. Исследование фразеологических единиц

в казахском и турецком языках позволяет выявить этнолингвистические особенности двух стран, их исторические связи и культурную преемственность. В статье уделяется внимание происхождению фразеологизмов, их лингвистическим особенностям, национально-культурной окраске и важности их изучения. Анализируется разнообразие фразеологизмов в казахском языке и их роль в определении казахской культуры и менталитета. Сравнительно рассматриваются общие и специфические особенности фразеологизмов двух народов, объясняется их семантическая структура и сферы употребления с этнолингвистической точки зрения. Также раскрывается роль фразеологизмов в языке, их значение в межкультурных отношениях и в формировании национальной идентичности. Результаты исследования открывают путь к расширению этнолингвистического взгляда через сравнительный анализ фразеологизмов в казахском и турецком языках.

Ключевые слова: фразеологизмы, этнолингвистика, казахский язык, турецкий язык, культурная преемственность, национальная идентичность, тюркские страны.

Кіріспе

Фразеологизмдер – тілдің көркемдігі мен мәнерлілігін айқындайтын маңызды лексикалық бірліктер. Олар белгілі бір халықтың дүниетанымын, өмір салтын, мәдени құндылықтарын, тарихын және ұлттық ерекшеліктерін бейнелеуімен ерекшеленеді. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер осы тұрғыдан алғанда халықтың сан ғасырлық тәжірибесі мен даналығын бойына сіңірген ұлттың мәдени қазынасы болып табылады. Тұрақты сөз тіркестері мен ой орамдары «бейнелі-ұғымдамалы (*ассоциативті*) ойлаудың нәтижесі» [1] екені бүгінде барынша танылып, мойындалып отырған жайт. Тұрақты тіркестер тарих толқынымен ілесіп жетіп, архисемалық жинақтау және сақтау қасиеттері арқылы келесі буынға семиотикалық таңбалық бірліктер ретінде жоғалмай табысталып отырады. Фразеологизмдердің мағыналарында астарланып, жасырынып тұратын мазмұндарды ұлттық танымдағы кодтарды қолдана отырып айқындау танымдық парадигма арқылы этнотаңбалық жүйенің түпкі мәні мен құпияларының ашықталуы ретінде қарастыруға болады.

Фразеологизмдер тілдің бейнелігін асырады, әсерлі етеді, айтылар ойдың дәл әрі көркем жетуіне мүмкіндік береді, жеке сөздермен толық жеткізу мүмкін болмаған мағыналық тұтастықтарды қамтуымен тілді тереңдететін әрі көркемдігін арттыратын құрал ретінде құнданады. Тіл қабаттарының ерекше түрі ретінде тұрақты тіркестер ұлттың тарихи-мәдени тәжірибесін бейнелейді. Н. Уәлиев атап көрсеткеніндей, фразеологиялық тіркестердің тасасындағы мағыналық компоненттер жалпы фразеологиялық жүйені кешенді зерделеудің нәтижесінде барынша айшықтала түседі [2].

Мәдениеттердің өзара диалогы қарқындаған бүгінгі заманда ұлт атаулының әрбірі өз болмыстарындағы даралықтарын тілдегі бірліктер көмегімен айқындауға және танытуға ден қойғандықтан, тіл тек «қатынас құралы» болумен шектелместен, қарапайым сипаттаушылық пен ойды білдіру қызметіне қоса ұлттық кодты сақтауға және тасымалдауға, этномәдени танымдық қызметтерді қоса атқаруға бейімделуде.

Бұл тұрғыда ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталып келе жатқан мазмұны мен құрамы, құрылымы бар фразеологизмдердің маңызы зор, әсіресе когнитивтік фразеологиялық бағыттың алар орны ерекше. Өткен ғасырда құрылымы өзекті болған және дәстүрленіп үлгерген тіл білімінің иманентті бағытына өзгерістер еніп, ендігі жерде лингвистиканың танымдық қуаты әлеуеттенуі назарға алынуына орай алдыңғы қатарға «адам» тұлғасын қою арқылы ғылымның бағыты адами танымды ескерусіз қалдырмауға берік бекінуі тіл ғылымы саласында «адам мен тіл» тұтастығының беріктігін бекемдеуге бағыт алды. Осыдан келіп адамның ойлау қабілетінің шеберлігі мен кемелдігіне негізделген сөйлеу барысының шешендігі мен тапқырлығына жеткізетін тұрақты тіркестердің табиғатын терең зерделеудің,

жан-жақты танудың, кешенді қарастырудың маңыздылығы арта түсті. Сөйлеу және жазу тілдерінде фразеологизмдер бағалаушылық функцияларды атқаруымен қоса экспрессивті-эмоционалды сипатта болып, тыңдаушы мен сөйлеушінің арасында ойды жай жеткізіп қою немесе ақпарат алмасудың базалық тәсілі болумен шектелместен, нысаналанған ақпараттың бейнелі, көркем, сезімдерге әсер тигізердей өтімді болу мүмкіндігіне қол жеткізе алатын «ментальдық бірліктер» [3] ретінде көрініске ие болады.

Фразеологизм саласын зерттеумен етене айналысқан ғалымдардың қатарынан А.В. Кунин, Н.Н. Амосова, И.И. Чернышева, Д.О. Добровольский, сонымен бірге отандық зерттеушілерден Ә. Қайдар, М. Балақаев, І. Кеңесбаев, М. Копыленко, Ә. Болғанбаев, А. Сагинтаева, Ғ. Қалиев, Ғ. Смағұлова, Х. Қожахметова, К. Дүйсекова, С. Исабеков секілді ғалымдарды атап өтуге болады.

Ғалымдардың зерттеу еңбектерін саралағанда қазақ тіл ғылымындағы фразеологиялық зерттеулер келесідей бағыттар бойынша екшелгені байқалады:

- этнолингвистикалық/лингвомәдени фразеологиялық;
- салыстырмалы-салғастырмалы фразеологиялық;
- когнитивтік фразеологиялық;
- салыстырмалы-тарихи фразеологиялық зерттеулер.

Тұрақты тіркестердің табиғатына тән осындай ерекшеліктері түркі тілдері тобындағы туысқан тілдердегі фразеологизмдерді төл тіліміздегі нұсқалармен салыстырғанда барынша ашықталып, айқындала түсетіні байқалады. Бұл орайда түрік тіліндегі тұрақты ой орамдары мен сөз тіркестерінің қазақ фразеологизмдерімен мағыналық үндестігі, дүниетанымдық тұтастығы екі халықтың мәдени және тарихи жақындығының айғағы секілді көрініс береді.

Қазақ-түрік тілдеріндегі фразеологизмдерге қатысты мәселелерді қарастырған ғалымдардан Қ. Кенжалин, Ә. Рысбаев, К. Мусаев, Ғ. Тұрабаева, А. Аманжолов, Ш. Құрманбаеваның есімдерін атап өту орынды.

Түрік тілінде фразеологизмдерді зерттеген ғалымдар қатарынан Велет Избудак (Velet İzbudak, «Atalar Sözü», 1936), Нуман Языджы (Numan Yazıcı, «Atasözleri ve Deyimler», İstanbul, 2003), Алпер Седат Асландаш пен Баскын Бычакчы (Alper Sedat Aslandaş ve Baskın Bıçakçı «Popüler Siyasal Deyimler Sözlüğü», İstanbul, 1995), Омер Асым Аксой (Ömer Asım Aksoy «Deyimler Sözlüğü», İstanbul, 2020) секілді есімдерді атауға болады.

Зерттеуімізде негізінен Исмет Кеңесбаевтың 2007 жылы қайта басылып шыққан «Фразеологизмдер сөздігі» және Омер Асым Аксойдың 2020 жылы жарық көрген «Deyimler Sözlüğü» (Фразеологизмдер сөздігі) пайдаланылды. Түрік тіліндегі сөздікте ғалым фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің айырмашылығын анықтаған. Ал, І.Кеңесбаевтың сөздігінде қазақ тіліндегі фразеологизмдер қоры жинақталған.

Түрік тіл ғылымында фразеологизмдерді зерттеуде екі негізгі кезеңге бөліп қарастыру қалыптасқаны байқалады. Бірінші кезеңге Түрік Республикасының орнағанына дейінгі тарихи кезеңдегі тұрақты тіркестердің зерттелу барысы жатқызылса, екінші кезеңге жаңа дәуірдің үдерістерімен орын алған зерттеу жұмыстары жатқызылады. Бұл кезеңде тұрақты тіркестер мен мағыналы сөз орамдарын (мақалдар, мәтелдер) білдіру үшін «таабир» (ta'bir) («Ата-бабалар сөзі») атауы кең таралды. Тарихи тұрғыдан қарағанда фразеологизмдердің зерттелу барысын бұлай кезеңдеу қазақстандық тіл ғылымында да орынды көрінеді. Тәуелсіздік алғанға дейінгі – Кеңестік кезеңдегі фразеологизмдерді зерттеу үдерістері және тәуелсіздіктен кейінгі жылдардағы зерттеу үдерістері деп қарастыру екі кезеңнің аясында тұрақты тіркестердің зерттелуі барысының өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтарын, даму барысын ашып түсінуге көмектеседі.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеуде талдаудың синхронды-салыстырмалы әдісі негізге алынды, дәстүрлі жүйелеу, сипаттау тәсілдері, тұрақты тіркестердің семантикалық құрылымын зерделеуге бағытталған талдаудың макроқұрамды әдістері, прагматикалық және семантикалық интерпретация әдістері қолданылды. Қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстыра қарастыру мақсатында екі тілдегі фразеологиялық сөздіктердің материалына шолу жасалды, теориялық зерттеу еңбектері мен фразеологиялық сөздіктердегі материалдар талдауға алынды. Жиналған мәліметтер танымдық және семантикалық тұрғыдан тарихи салыстырудан өткізілді. Мағыналық салыстыру екі тілдегі бір-біріне ұқсас немесе ортақ мағынаны білдіретін фразеологизмдерді салыстыруға негізделді, құрылымдық салыстыру арқылы олардағы сөздердің орналасу тәртібі зерттелді, метафоралық салыстыру арқылы екі тілдегі бейнелі, астарлы ойлау қабілеті, фразеологизмдер арқылы екі халықтың мәдениетаралық ұқсастықтары мен ерекшеліктері, тілдердің лексикалық байлығын тұрақты тіркестер арқылы түсінудің кеңістігі қарастырылды.

Талдау мен нәтижелер

Ұлттың бейнелік тұтастығын, оның ұлттық әлемінің сыртқы және ішкі тұрпатын, жалпы ұлттық болмысын анықтау қажет болғанда бұған қатысты мағлұматтар ең алдымен сол ұлттың тілдік қазына қорында жинақталып сақталып тұрады. Әсіресе, осы қазынаның арасында фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, идиомалар түрінде сақталып жеткен тілдік бірліктердің ұлт болмысын айқындап, ашып көрсетуде әлеуеті биік, қабілеті жоғары, мүмкіндігі кешенді болып тұрады. Бүгінде «тіл – ең жетілдірілген антропологиялық құрал» болып келе жатқаны өмір шындығы [4].

Когнитивтік тілтаным ғылымы аясындағы антропоэектілік бағдар бойынша тіл мен адамның, яки халық пен тілдің ажырамас тұтастығы, жымдастығы, тарихилығы қағидаларына орай қайсыбір ұлт болмасын оның тілдік қоры сол ұлттың бет-бейнесін, болмысын барынша айшықтап танытуға қажетті негіз ретінде қарастырылады. Тілдегі орамды ойлар мен «тиянақты тіркесімдер» (І.Кеңесбаев) неғұрлым саны жағынан мол, бағыты жағынан сан-салалы, мазмұны жағынан жан-жақты, орамдылығы жағынан кең қамтымалы, терең мағыналы болған сайын сол ұлттың таным көкжиегінің кеңдігі, бейнелі ойлау шеберлігінің жетілгендігі, тілдегі образды және күрделі ұғымды бірліктерді халық арасында қолдану және түсіну деңгейінің өсімділігі, ұлттық танымдар мен құндылықтарды жоғалтпай сақтау және келесі буын ұрпаққа тасымалдау барысының жүйелі жүзеге асуы мен үздіксіз жалғастылығы көрініс тауып жатады. Қазіргідей жаһандану үдерістері қарқындаған дәуірде ұлттық танымдары мен құндылықтарын ұрпақтарына тасымалдауда белсенділігі жоғары болатын ұлттардың өз тәуелсіздіктері мен тамырластықтарын сақтауға, жалпы ұлт ретінде жойылып кетпей, тіршілік үшін күрес барысын жалғастыруда өміршеңдік көрсеткіштері мен мүмкіндіктері жоғары болып саналады. Басқаша айтқанда, халықтың көнеден жалғасып келе жатқан танымдары мен құндылықтарын тілдік бейнелер күйінде өз бойына сіңіріп, қорытып, сақтап келе жатқан фразеологиялық бірліктер әлемдік деңгейде жүріп жатқан ұлттану барысы мен жаһандану үдерістерінің арасындағы шарпысқан майдандағы ұлттардың жасампаз болуы немесе мерзімі бітуінің ара-жігін айырып тағдырын шешуге қауқарлы қарулардың бірі есебіндегі маңызға ие болып отырғаны бүгінгі күннің шындығы.

Тілді адамнан тыс зерттеуге, адамды тілден тыс қарастыруға болмайтындығы жайлы тұжырымға негіздеген заманауи адамиөзектенген тіл ғылымы талаптары арнасында тіл табиғаты тұтас әлемге айналып, оның сан қырлы қасиеттері мен қызметтерін саралау барысында антропоэекті тіл ғылымы бағыты тілдің қоршаған дүниені адам үшін қалай көріністі-бейнелі ететінін, адамның өмір сүру барысының мағыналық-құндылықтық

концепт-кеңістігі болып табылатын мәдени құбылыстарды бейнелі етуін, осыларды адам үшін сақтаудың жолдары мен шараларын зерттеуді және оларды бір адамнан келесі адамға, ендігі ұрпаққа жеткізудің тиімді тәсілдері мен жолдарын ізденуді көздеп келеді. Осыдан келіп тіл мен мәдениет теорияларының дамуының, оны иллюстрациялық-сипаттамалық форматынан арылтып дискурсивті-когнитивті лингвомәдениеттануға айналдыру барысының өзектілігі көрініс береді.

Түбі бір түркі елдері арасында сан-алуан шаралар мен ықпалдастық жобалар арқылы қазақ халқымен бауырластығы барынша дамып келе жатқан елдердің бірі Түркия мемлекеті. Ежелден бастау алған тарихи тамырластығы, мәдени сәйкесімділігі, рухани ортақтастығы туысқан екі елдің барынша өзара түсінісуі мен жақындасуына септігін тигізіп келе жатқаны секілді, тілдік жазықтықта орналасқан интеграциялаушы факторлар даекіжақты тиімді және өзара нәтижелі амалдардың жүзеге асуына негіз болып келе жатқаны баршаға аян. Солардың ішінде, әрине, ұлттың дүниетанымын қалыптастыруда, әлемге байланысты қатынас жүйесін құрылымдауда, өзге ұлт-ұлыстармен қарымдасу барысын екшеуде және орнатуда маңызды орын алатыны ұлттық кодталған құндылықтар қатарындағы тұрақты тіркестер мен ой орамдары болып тұрады.

Семантикалық және лексикалық тұрғыда жан-жақтылануы (дифференциалануы) және бірігуі (интеграциясы) барысы тұрақты тіркестердің лексикалық қорының қалыптасуына және дамуына қажетті басты қайнарлармен байланысты. Әр ұлттың тілінде таңбаланып сақталатын мағыналар мен мазмұндар арқылы ұлттың дүниетанымдық және мәдени негізі жасақталады. Ол мағыналарды ашып тіл болмысымен құндақталып жеткен мәдени түсініктерді айқындау үшін ұлттық код көмегіне жүгінуге тура келеді. К.Мусаев көрсетіп кеткеніндей, қазіргі таңдағы түркі тілдері топтарының әрбірінің лексикалық құрамының негізі болып табылатын көздері: - жалпытүркілік лексикалық қор және оның өнімдері; - түркілік емес қор және оның өнімдері. Бұл қорлардың үлесі әрбір тіл мен тіл топтарына қарай түрлі болып құбылып отырады [5]. Тұрмыс-тіршілік сипаттарының ортақтығы, шаруашылық түрлері мен халық қолданысындағы дәстүрлердің ұқсастығы фразеологизмдердегі түркі тілділік семантика мен лексика элементтерінің барынша интеграциялануына түрткі болды. Дыбысталу жағынан ареал бойынша айырмалары болғанымен, лексика-семантика жағынан қарағанда түркітілдес халықтардың басымына ортақ сипатта бола отырып жоғарыда аталған категориядағы сөздер жалпытүркілік дәуірдің негізгі көрсеткіштері болып саналады. Расында, «лексика тілдегі аса құбылмалы, өзгермелі сала болғанына қарамастан тұрақты тіркестердің құрамында байыз тауып тиянақталады» [6]. Тұрақты тіркестерді қарастыруда концептілік негіздерді айқындаудың маңызы үлкен. Тілдегі концептілердің когнитивтілік белгілерін айқындауда образдылық, интерпретациялық өрістілік, ақпараттық мазмұндылық секілді негізгі базалық үш компонент назарға алынады.

Фразеологизмдер адам санасына қозғау салып, танымдық-тағылымдық барыстарды іске қосатын когнитивті лингвистиканың қозғаушы күштерінің бірі болып табылады. В.А. Маслованың сөзімен айтқанда, «когнитивті лингвистика тілді сараптауды түрлі лексемалардың қолданылу барысындағы мәнмәтіндік нұсқалары арқылы сөзді сараптаумен толымдайды, мақал-мәтелдерді, афоризмдерді, фразеологизмдерді саралау арқылы олардағы концептілерді айқындайды» [7]. Осы тұғырлас тұжырымдар тұрақты тіркестердің ұлттың танымы мен санасындағы образды-бейнелі сөз орамдардың тарихи сабақтастығы мен мәдени жалғастылығын көрсетеді.

Фразеологизмдер негізінен метафораға сүйенеді, өз кезегінде метафоралар фразеологияның негізінде жатқан бейнелік ойлаудың жемісі болып табылады, ол адамдардың айналадағы дүниелерді тану тәсілдерін айқын көрсетеді, өйткені олар бір затты немесе құбылысты екінші бір нәрсеге ауыстыру арқылы бейнелейді. Бұл ауыстыру барысы лексикалық бірліктердегі мағыналық жағынан жақындық пен ұқсастыққа негізделеді.

Метафоралар арқылы ұлттың әлемтанымы, табиғатқа, өмірге, адамға деген көзқарасы бейнеленеді.

Тұрақты тіркестер атқаратын танымдық-когнитивтік қызметтер жайына келгенде қазақ тіл ғылымындағы когнитивтік тілтаным мәселелерін келелі қарастырып келе жатқан Ж.Манкееваның пікірлеріне назар аудару қажет деп білеміз [8]. Ол бойынша тілдің, оның ішінде тұрақты тіркестердің когнитивтік-танымдық негіздері келесідей бағыттарда болуы тиіс екені аңғарылады:

- дәстүрлі танымдардың тарихи жалғастығына негізделген қоғамда жинақталған өмірлік тәжірибелерге негізделу;

- тіл қызметінің тек қана ақпарат тасымалдаумен шектелмеуі, бейнелі ойлауға, образдылыққа мүмкіншілік ашуы, сол арқылы танымдық модельдердің символдық түрлерінің қалыптасуына негіз салу. Яғни, қоршаған әлемдегі объективті шындықты тілдің қатысымен субъектив түрде бейнелерге айналдыру, символдау арқылы жеткізу.

- модельденген танымдық жүйелердің сабақтас болуы, жалғастығы.

Осы негіздер арқылы тіл қызметі тұтастырушылық сипатында көрінеді, когнитивтік тұрғыда тұтас бейнелі таным қалыптастырады. Бұл өз кезегінде адам баласының өмірлік тәжірибелері мен ментальдық қызметтерінің қалыптасып-сақталуы, оларды келесі ұрпақ буынына тасымалдап жеткізуі барысында маңызды орын иеленеді.

Тұрақты тіркестердегі мағыналық, құрылымдық, әлемтанымдық, лексикалық ұқсастықтар мен ерекшеліктерді екі тілдегі келесі фразеологияларды талдау барысында анық аңғара аламыз.

түр.: *cebi delik*.

қаз.: *Қалтасы тесік.*

Бұл тіркес табысы құтаймайтын, қолында ақша тұрақтамайтын, жарлы, кедей адамды білдіруге қолданылады.

Мысалы, түрік тілінде *Ali hep cebi delik dolaşıyor* (Али үнемі қалтасы тесік болып жүреді), *Bu kadar harcama yaparsan cebi delik olmaktan kurtulamazsın* (Осынша шығын жасай берсең, қалтасы тесік болудан құтыла алмайсың).

Тіркестің теріс (негатив) мәндегі қолданысы осылай болса, екінші жағынан оң (позитив) мәнде «қолы ашық, ақшаның бетіне қарамай есепсіз жұмсайтын мырза» мағынасында келеді [9]. «Қалта» сөзімен байланысты «қалтасы қалың» (*dәuletmi*), «қалтасы жұқа» (*жарлы*), «қалталы адам» (*ақшалы*) тіркестері бар. Зерделей қарағанда бұл тұрақты тіркестің туындауы бір замандағы темір ақшаларды салып жүруге арналған қалташаларға (әмиян, дорба) байланысты екені, одан келе қағаз ақшалардың қолданысқа алынып, оларды киімнің қалтасына салып жүру үрдісімен байланысты мағыналық жетілуге ұшырап өзгергенін аңғаруға болады. «Қалта - кішкене дорба» мағынасында келеді [10].

түр.: *Pireyi deve yarptak*.

қаз.: *Бүргеден түйе жасау* (Түймедейді түйедей ету).

Тіркестің мағынасы «Болымсыз нәрсені үлкен етіп көрсету». Мағыналық жағынан қарағанда «бүргеден түйе жасау» барынша мардымсыз, кіші нәрседен барынша үлкен нәрсені жасаудың, яғни, шегіне жетудің ол шеті мен бұл шетіне бару арқылы образды құбылтудың арқасында тыңдаушының санасында орын алып отырған құбылыс немесе айтылып жатқан ақпарат шындыққа жанасымсыз, ақылға қонымсыз екенін жеткізуді көздейді. Осыған қарсы «Көрмес түйені де көрмес» үлгісінде келетін нұсқа шындық жағдайда таудай дәйек келтірілсе де елегісі келмесе назар салмауды білдіреді. Мысалы, *Küçük bir hata yapti diye pireyi deve yarptaya gerek yok* (Кішкентай қателік үшін болмашыдан үлкен мәселе жасаудың қажеті жоқ), болмаса, *Her şeye bu kadar tepki verme, pireyi deve yarıyorsun* (Әр нәрсеге осылай реакция білдіре берме, болмашыны үлкейтіп жіберсең).

Жалпы түркі тілдерінде ұқсастықтардың жиі орын алуы, анық қарама-қайшылықтардың кем кездесуі заңды құбылыс. Бұлай болатыны, Н.З. Гаджиева айтып өткеніндей, түбі туыс тілдердің құрылым жүйесіндегі даму барысының жалпытүркілік үдерістерінің үндестігіне, атап айтқанда, «басты тілдік негізді қалыптар сақталып, одан кейін туындаған жаңашыл құбылыстар (инновациялар) жалпытүркілік тілдегі дамудың үдерістеріне бағынып өрістегеніне, сонымен бірге дүниетанымдық жақындықтың, тұрмыс-тіршілік пен салт-ғұрыптардың сәйкестік деңгейінің жоғарылығына, діни-сенімдік ұстанымдардың жақындығына да байланысты орын алған [11].

түр.: *Pirincin taşını ayıklamak.*

қаз.: *Күріштің тасын тазалау/теру (Сабан арасынан ине іздеу).*

Өнімділігі төмен, машақаты мол, қиыншылығы көп шаруамен айналысуды бейнелейді. Сонымен бірге, бір нәрсені жасау барысында қажетсіз немесе зиянды бөліктерді негізгі, қажетті бөліктерден ажыратып алудың маңыздылығын, жұмыс нәтижелі болу үшін мұқияттық қажет екенін меңзейді. Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер халықтың тұрмыстық өмірі мен салт-дәстүрінен туындайтындықтан, күнделікті өмірде кездесетін нақты әрекет (тасты тазалау) символикалық мағынада қолданысқа алынған. Мысалы, *O kadar sorunla uğraştı ki adeta pirincin taşını ayıklamak gibiydi* (Ол соншама мәселемен айналысты, бұл күріштің тасын тергенмен бірдей еді).

Тұрақты тіркестердің мағынасына терең үңіліп зерттеулер жүргізген С.Сәтенованың тұжырым еткеніндей, халықтың тәжірибесі мен әлемтанымынан туындайтын болғандықтан фразеологизмдердің астарлы мәні, символдық қуаты жоғары болады. Осы тұрғыдан келгенде, түрік тіліндегі «күріштің тасын тазалау» мәніндегі фразеологиялық тіркесі шыдамдылық пен табандылықты бейнелесе, оған қоса шеберлік пен нақты жұмыспен айналысудың артықшылығын астарлап тұрғаны байқалады.

Әр тілдің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, олардағы тұрақты тіркестердің тұла бойына сіңірілген терең мағыналық астарды табу маңызды екенін А. Вежицкая да ескерусіз қалдырмаған. Ғалымның көзқарасына орай қарастырғанда, «күріштің тасын тазалау» тіркесінің астарында физикалық жалаң әрекеттен гөрі зияткерлік қабілеттерді талап ететін терең танымды амал жатқанға ұқсайды. Яғни, қажетсіз нәрселерді ажыратып, керектісін, маңыздысын қалдыру – тек қол еңбегі ғана емес, саналы, ойланылған іс болып табылады. Бұл фразеологизмнің шығу тегіне үңілгенде оның тұрмыстық өмірден алынғанын көреміз. Күрделі жұмыстарды орындаудағы ең маңызды қадам – артық нәрсені айырып алу, яғни тасты тазалап, тек пайдалысын қалдыру. Мұндай процесс білімді, уақыт пен тәжірибені қажет етеді.

Бүгінгі таңда тұрақты тіркестерді зерттеу шараларының басты бағыттарына байланысты еңбегінде [12] С.Сәтенова фразеологияларды жүйелегенде оларды лексикалық мағыналарына орай тақырыптарға топтап зерделеу тиімді болатынын айтады. Мәселен, фразеологизмдердің кәсіптік аталымдарға (терминдерге) орай жасалғандарын бір топ етіп, кәсіптен тыс тақырыптарға қатысты тұрақты тіркестерді бір топ етіп зерттеу бұл саланың жүйелену барысын жеңілдетелі. Ғалымның пікірінше, мыңдап саналатын тұрақты тіркестерді топқа бөліп өзара жинақтап кешенді зерделеу барысында халықтың тұрмыс-салты мен кәсіби тәжірибесі, тіл байлығы, тарихи кезеңдері айқындалады. Жүйелеу арқылы ұлттың дәстүр-салттары да, ғұрып-әдеттері де, сенім-нанымдары да барынша ашықталып, ұлттың өзіндік даралықтары мен жақсы-жағымды қасиет-табиғаты айқындала түседі.

түр.: *Ayağını yorganına göre uzat* [13].

қаз.: *Көрпеңізге сәйкес аяғыңызды созыңыз* (Көрпеге қарай көсілу).

Бұл тұрақты тіркестің мағынасы «мүмкіндігіне орай іс қылу», «шамасына қарай әрекет ету» деген мағынаны білдіруімен қатар [14], «табысыңа шақтап тірлік ет» деген де мағыналық нұсқаны ұсынуға болатынын аңғардық. «Yorgan» - «көрпе, жұрған» [15].

түр.: *Bastığı yerde ot bitmez.*

қаз.: *Басқан жеріне от бітпейді* (жүрген жеріне шөп шықпайды; табаны тиген жер өнбейді).

Фразеологизмнің мағынасы зиянды, жұғымсыз, қатыгез адамның әрекеттерінің ақырында жақсы нәрсенің болмайтынын, ондай адам жүрген жерде тек қана бүліншілік қалатынын білдіреді. Бұл тіркес қоғамға, ортаға зиянын тигізетін адамдарға қатысты қолданылады. «Басқан ізіне шөп шықпайды» - ниеті теріс, қу, арам [16]. Мысалы, *O adamın bastığı yerde ot bitmez, her gittiği yere zarar veriyor* (Ол адамның табаны тиген жердің шөбі шықпайды, қайда барса да зиян келтіреді), немесе, *Bu proje yanlış yönetiliyor, bastığı yerde ot bitmez gibi bir şey* (Бұл жоба дұрыс басқарылмай жатыр, табаны тиген жердің шөбі шықпайтын секілді).

І. Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» бұл тіркесті түсіндіре келе фразеологизмнің түп-тамыры халықтың күнделікті өмірінен алынғанын айтады. Яғни, адамның жүрген жүрісі, істеген ісі қаншалықты зиянды болса, оның айналасы да соған сәйкес жапа шегеді. Ғалым бұл тіркесті адамның негативті мінезі мен іс-әрекетін сипаттайтын бейнелі сөз ретінде анықтайды.

Фразеологияда қолданылған «от» (*ot*) сөзі жалпы түркі тілдерінде «шөп» деген негізгі мағынаны білдіретіні белгілі [17].

Тұрақты тіркестердің халықтың тұрмыс-тіршілігінің барысына, қоғамдағы құндылық жиынтықтарына негізделе отырып туындайтынын тұжырымдаған түрік ғалымы, «XIX ғасырдағы түрік әдебиетінің тарихы» еңбегінің авторы Ахмед Танпынар «*Bastığı yerde ot bitmez*» тіркесін түсіндіргенде мінезі негативті, әрекеттері айналасына теріс ықпал ететін, олардың кесірінен ешқандай өнімділік немесе жақсылық болмайтын адам жайлы екенін айтады. Әсіресе, қоғамда өзінің қатыгездігімен танылған адамдарға қатысты қолданылғанда бұл фразеологизмнің бояулық реңі қоюлана түседі [18]. Талқылауға алынған «*Bastığı yerde ot bitmez*» тіркесінің мағынасын ашықтай келе, бұл сөз адамдардың мінез-құлқына және олардың қоршаған ортаға тигізетін әсеріне байланысты айтылғанын түсіндіреді, «жаман адамның жүрген жері өнімсіз, оның әрекеттері қоғамға зиянды» деген мағынаны арқалап тұрғанын көрсетеді. Аталған тіркес қоғамдағы теріс құбылыстар мен зиянды адамдардың кері әсерлерін айқындайтын метафора ретінде қызмет етеді, мұндай фразеологизмдер халық арасында теріс мінез-құлықты айыптау үшін кең қолданылады.

Түрік тіл ғылымында фразеологизмдерді түрлерге бөліп қарастыруда Омер Асым Аксойдың нұсқасына назар аударуға болады (1-кесте). Ол бойынша, тұрақты сөз тіркестері басқа тілдерге аударылу барысында кездесетін жағдайларға орай келесідей жіктеледі:

1. Ерекше формасына байланысты басқа тілдерге сөзбе-сөз аударыла алмайтын немесе сөзбе-сөз аударылғанымен түрік танымын көрсетпейтіндер;
2. Түрік тілінде нақты мағыналарынан басқа да ауыспалы мәнге ие, басқа тілдерге де бірдей сөздермен және ауыспалы мағыналарымен аударыла алатындар;
3. Түрік тілінде нақты мағынасымен қолданылатын, басқа тілдерге де сөзбе-сөз аударыла алатындар.

1-кесте – О.А. Аксой бойынша фразеологизмдердің жіктелу нұсқасы

Фразеологизмдердің түрлері	Мысалдар
1	2
Ерекше формасына байланысты басқа тілдерге сөзбе-сөз аударыла алмайтын немесе сөзбе-сөз аударылғанымен түрік танымын көрсетпейтіндер	Түрікше: « <i>Bindiği dalı kesmek</i> » Аудармасы: «Мінген бұтағын кесу» Мағынасы: Өз іс-әрекетімен өзіне зиян тигізу. Қазақ тілінде бұл тіркес дәл аударылмайды, бірақ мағынасы « Өз аяғын өзі шалу » деп беріледі.

<p>Түрік тілінде нақты мағыналарынан басқа да ауыспалы мәнге ие, басқа тілдерге де бірдей сөздермен және ауыспалы мағыналарымен аударыла алатындар</p>	<p>Түрікше: «<i>Ateşle oynamak</i>» Аудармасы: «Отпен ойнау» Мағынасы: Қауіпті іс-әрекетке бару. Қазақша: «Отпен ойнау» тіркесі тура мағынасымен де, ауыспалы мағынасымен де сәйкес келеді.</p>
<p>Түрік тілінде нақты мағынасымен қолданылатын, басқа тілдерге де сөзбе-сөз аударыла алатындар</p>	<p>Түрікше: «<i>Taş kalpli</i>» Аудармасы: «Тас жүректі» Мағынасы: тасжүрек, мейрімсіз, суыққанды. Қазақша: «Тас жүрек» тіркесі екі тілде де бірдей ауыспалы мағына береді және мінез-құлық сипаттау үшін қолданылады.</p>

Мұндай ерекшелік қазақ тіліндегі фразеологизмдерге де тән екенін, әсіресе өзге тілдерде фразеологиялық тіркестерді сөйлетуде маңызды саналатынын айтып өтуіміз керек

Фразеологизмдерді зерттеуге ден қойған келесі автор Искендер Пала (İskender Pala) «Диуан поэзиясының энциклопедиялық сөздігі» еңбегінде мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің тамырластығын қарастырып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді екшей келе, фразеологизмдер халықтық таныммен, ұлттық образдармен тікелей байланысты екенін тұжырымдайды [19]. Яғни, лингвистика ғылымының когнитивтік-танымдық бағыты тілдегі танымдық қасиеттердің сыртқы ортаға көрінетін де, көрінбейтін де ішкі құрылымдарын кешенді қарастыруымен зерттеудің тереңдеуіне мүмкіндік береді. Тілдің бойындағы мұндай қасиеттерді тілдің болмысынан, тілдің табиғатынан, тұрақты тіркестердегі тілдік бірліктердің фондық аясынан, астарлы мәндерінен аңғаруға болады. Қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер секілді тілдік бірліктердің семантикалық-лексикалық мазмұнын ақтарғанда астарынан халықтың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан элементанымы, өмір жолында жинақтаған тіршілік тәжірибелері, тарихи кезеңдерде басынан өткерген жағдаяттардан түйген даналық ойлары мен сұрыпталған көзқарастары тұжырымдалып, түйіліп формаланған ақпараттар ретінде сақталады және тасымалданады. Осындай ақпараттар сығындысының кілтін тауып ашып танысу, концептілік талдау жүргізу арқылы белгілі бір ұлттың, халықтың элементанымдық кеңістігіне байланысты образдар мен мәліметтер қорына еруге мүмкіндік ашылады. «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі» дегенге орай, фразеологизмдер көркем бейнелігімен ұлттың эмоцианалды фонымен тығыз байланысып, астасып жатады.

Бұл өз кезегінде фразеологизмдерді «кең» және «тар» ауқымда қарастырып жіктеу мәселесене келіп тіреледі. Тар мағынасында алғанда фразеологизмдер мағынасы тұтас, құрамы тұрақты, дайын күйінде қолданысқа алынатын, сырттай қарағанда еркін (жай) сөйлемге ұқсайтын сөздердің тіркесі мен сөйлемшелер болып табылады. Кең мағынасында алғанда, фразеологизмдер қатарына өзіндік стильдік, грамматикалық-лексикалық ерекшеліктерін ескере отырып қанатты сөздер, мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жатқызылуы мүмкін. Мұндай сөз бірліктеріндегі мағыналық кеңістік лексикалық бірлік ретінде сөздің өз бойындағы мағынадан әлдейқайда кең болуы орын алатынымен, сөйленім барысында құрылымдалмай, алдынан дайын күйінде қолданысқа алынатыны, құрылымы жағынан тұрақты болуы, бейнелі-образды болып келуі секілді белгілері оларды фразеологизмдерге бір қадам болса да жақын ете түсетіні талқыланған [20]. Айтылған жайт көрнекі болуы үшін төмендегідей кестені ұсынуға болады (2-кесте).

2-кесте – Фразеологизмдердің топтастырылуы (Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» оқулығы бойынша)

Тар мағынада	Keң мағынада
Фразеологиялық тұтастықтар (идиомалар, фразеологиялық түйдектер) Фразеологиялық бірліктер Фразеологиялық тіркестер Фразеологиялық сөйлемшелер	Қос сөздер Қосар тіркестер (параллель фразеологизмдер) Коммуникативтік тіркестер Номинативтік (атауыштық) тіркестер Мақал-мәтелдер Қанатты сөздер Жаңылтпаштар Жұмбақтар Көркем мәтін үзінділері Фольклорлық тұрақты сөз үлгілері Сәлемдесу жоралғылары

түр.: *Şeytanın arka ayağını görmüş.*

қаз.: *Шайтанның артқы аяғын көрген* (Жыланның аяғын көрген).

Метафоралық мәні терең бұл тұрақты тіркес шегінен асқан қу, пысық біреуді сипаттауға қолданылады. Түркі халықтарының пайымында шайтан – зәлімдіктің, аярлықтың, суайттықтың символы болып саналады, ашық көзге түспейді, тек азғыру, арандату арқылы адамдарға жаман амалдарды жасатуға түрткі салып отырады. Шайтан – «әзәзіл, жын, пері» [21], «Алланың әміріне қарсы шыққан. Шайтан жыннан да, адамнан да болады. Олардың басты мақсаты тура жолдағы адамды адастыру» [22], «өзінің тәкаппарлығы мен менсінбеушілігінен Алла Тағаланың әміріне тікелей қарсы келген, әрі оның рахымынан мақұрым қалған жаратылыс, Ібіліс» [23]. Сайран мен ойран, керіс пен ұрыстың дәнін себетін шайтан жағымсыз, негатив образ ретінде танымал. Солай бола тұра осындай зәлім жаратылыстың өзінен асып түсіп оның «аяғын көретін» пысықайлар адамдардың арасындағы ең қулары, асқан айлакерлері екенін меңзеуден туған бейнелі тіркес. Бұл тіркес өмірінде жағымсыз, күтпеген оқиғаны бастан кешірген адамдарды сипаттау үшін де қолданылады. Мысалы, *Adam öyle korkmuş ki sanki şeytanın arka ayağını görmüş gibi* (Адам сондай қорқып қалыпты, шайтанның артқы аяғын көргендей), *O kadar kötü günler geçirdik ki şeytanın arka ayağını gördük desek yeridir* (Біз сондай қиын күндерді бастан өткердік, шайтанның артқы аяғын көрдік десек те болады).

Түрік тіліндегі бұл фразеологияның қазақ тіліндегі баламасы ретінде «жыланның аяғын көрген» тұрақты тіркесін келтіруге болады. Мұның мәні «әккі, қу, алаяқ» деген мағыналарды білдіреді. Жылпос мінезділікті жыланға ұқсатудан туындаған бұл фразеологизмнің жыланның табиғи жаратылысын байыптаудан барып туған болуы мүмкін екенімен қоса, діни-аңыздық негізі де болуы мүмкін. Өйткені, аңыз түрінде таралған діни деректерде баяндалуынша, жұмақтың төрінде жүрген Адам ата мен Хауа ананы азғырарда шайтан жылан кейпіне еніп алдарына келгені, енді бір деректерде жылан жұмақтың күзетшісі болғаны, шайтан оны алдап соғып жұмақ бағына кіргені, сөйтіп амандықта өмір сүруі керек болған Адам мен Хауаны азғырып тура жолдан тайдырғаны жеткізіледі. Шайтанға байланысты қазақ тілінде «шайтан (әзәзіл) түртті», «шайтаны (жыны) ұстады», «араларына шайтан (әзәзіл) кірді», «шайтанын (жынын) қағып алу» секілді тұрақты тіркестер белгілі.

Қазақ фольклорында айлакерлігі шайтаннан асып түскен және жағымды образ болып қалыптасқан бейне Алдар көсе бейнесі екені даусыз.

«Жылан» сөзіне байланысты қазақ халқында «жатқан жыланның құйрығын басу» (бәле іздеу), «жағыңа жылан жұмыртқаласын» (қарғау, теріс сөзден тыю), «ішін жылан

жалады» (өкінді), «жыландай сүйреңдеу» (өсек, сөз тасу) секілді тұрақты тіркестер көптеп кездеседі.

түр.: *yufka yürekli.*

қаз.: *жұмсақ жүректі* (жүрегі жұмсақ, мейірімді жүректі).

Бұл түрік тілінде өте сезімтал, нәзік жүректі, көңілі бос адамды сипаттайтын тіркес. Фразеологизмдегі «жұқа» (*yufka*) сөзі «жұмсақ» деген мағына береді, «жүрек» сөзімен бірге қолданылғанда адамның сезімталдығын, басқалардың қайғысын, ауыртпалығын жүрегіне жақын қабылдайтындығын білдіреді. Яғни, жүрегі тез елжіреп кететін, басқалардың қайғысына немқұрайлы қарай алмайтын адамды сипаттайды. Тіркес мәні эмоционалдық әлсіздікті немесе артық сезімталдықты көздемейді, керісінше, жүректің жұмсақтығын, қайғыға ортақтаса білу қабілетін көрсетеді. Бұл фразеологизм поэтикалық туындыларда, әдеби шығармаларда жиі кездеседі, адамның әлемге мейірімділікпен, жанашырлықпен қарайтынын бейнелейді, әдеби кейіпкерлердің мінезін аша түсу үшін қолданылатын асыл қасиет есебінде кеңінен қолданылады. Қазақ тілінде осы мағыналас «жүрегі жұмсақ», «көңілі бос» тіркестері белгілі. Мысалы, *O kadar yufka yürekli ki birine kötü bir şey söyleyemez* (Ол сондай жұмсақ жүректі, ешкімге жаман сөз айта алмайды).

Фразеологизмдердің мұндай типтері, Р.Сыздық жіктеуіне орай, поэтикалық негіздегі тұрақты тіркестердің санатына болады. Поэтикалық тұрақты тіркестер – ерекше бейнелер дүниесі, халықтың арманы мен қиялынан туындаған бояу қанық суретке толы сөздердің тіркесімі. Мұны поэтикалық бейне деп танымыз. Мұндай образ фразеологизмде айтылатын ойдың әсірелеу, метафоралау, шендестіру, метонимия, эпитет, теңеу секілді көріктеу тәсілдері, құралдары және амалдарының қолданысы арқылы көрініс табады да, мұндай поэтикалық образданған тұрақты тіркестер поэтикалық фразеологизм ретінде қаралады [24].

Жүрегі жұмсақ білген күл,

Шын дос таппай тыншымас.

Пайда, мақтан бәрі – тұл,

Доссыз ауыз тұшымас (Абай).

«Жүрек» сөзінің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер қазақ тілінде көптеп кездеседі. Мысалы, «жүрегі дауаламады» (батылы жетпеді), «жүрегі жібіді» (мейірленді, кешірді), «жүрегі тас төбесіне шықты» (қорықты), «жүрегі жылыды» (мейірімі оянды), «жүрегі жарылды» (қуанды), «жүрегі (көңілі) орнына түсті» (тыныштанды), «жүрегі езілді» (қайғырды, уайымдады), «жүрек жалғау» (тамақтану), т.с.с.

Зерттей келгенде, қазақ және түрік тілдеріндегі осындай ұқсас ұғымдар мен танымдық бірліктер этнолингвистикалық сипаттардың айқын көрінісі екенін көреміз.

Қорытынды

Фразеологиялық тіркестерді этнолингвистикалық тұрғыда зерделеу салыстырмалы фразеологияда әртүрлі тіл үлгілеріндегі тұрақты тіркестерді құрылымдық жағынан қарастырумен шектеліп қалмайды, сонымен қатар олардың бойындағы ұлттық-мәдени мазмұндар мен мәндерді айқындап тануға мүмкіндік ашады. Түркі елдері арасында «көк» сөзінің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер көп кездесуін бұл халықтардың бір дәуірлерде барынша жақын болған ортақ тарихи танымдарының, дүниеге көзқарастары мен сенімдерінің бүгінге жеткен сілемдері деп қарауға болады [25]. Мәселен, «көк» сөзімен байланысты «көк бөрі» (*gök börü*), «көк тәңірі» (*gök tanrı*), «көктен сұрағаны жерден табылды» (*gökte aradığını yerde buldu*), «жер-көкке сыйғызбады» (*göklere sığdıramadı*), «жер-көкті шарлады» (*yer göğü dolaştı*) деген сияқты мысалдар ортақ түсінік пен танымды білдіреді. Сондай-ақ, «su gibi» - «су сияқты», «taş kalpli» - «тас жүрек», «yürek yemek» - «жүрек жұтқан» секілді фразеологизмдер негізінен тұлғалық ұқсастықтарымен ерекшеленсе, «köreğin ağzına kemik atmak» - «иттің аузына сүйек лақтыру» (*итке сүйек тастағандай*), «biriktirilen her kuruş bir

kazançtır» - «үнемделген әрбір тиын – табыс» (*тиыннан теңге құралады*), «boynum kıldan ince» - «мойным шашымнан (қылдан) жіңішке» (*қылиша мойным талиша*) секілді тұрақты тіркестер мағыналық үндестігімен байқалды.

Қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологизмдерді назарға алып, этнолингвистикалық негізде зерттеу танымы тамырлас туысқан халықтардың тарихи байланыстарын, мәдени сабақтастығын және дәуірлер көшіндегі сан-алуан себептерге байланысты бір-бірінен саяси-әлеуметтік дербестікте өмір сүруінің нәтижесінде қалыптасқан өзіндік ұлттық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында анықталғандай, екі тілдегі фразеологизмдерде ортақ түркілік негіз сақталғанымен, фразеологиялық қоры ортақ түркілік тамырлардан бастау алғанымен, әр халықтың ұлттық-мәдени бояуы мен тарихи тәжірибесі бұл тұрақты тіркестерге өзіндік реңк берген. Фразеологизмдер тек тілдік бірліктер болумен шектелмейді, сонымен қатар әр ұлттың рухани дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі мен дүниеге көзқарасын бейнелейтін мәдени мұралар, кілтін тауып аша білгенде сайрап сала беретін ұлттың сырландығы болып табылады.

Қазақ және түрік фразеологизмдерінің этнолингвистикалық талдауы олардың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін және мәдениетаралық қарым-қатынастардағы маңызын айқындайды. Бұл зерттеу екі ел арасындағы мәдени сабақтастықты көрсету арқылы этнолингвистикалық көзқарасты кеңейтуге жол ашады және болашақта осы бағыттағы зерттеулерді жалғастыруға негіз болады.

Түрік тілінде фразеологизмдерді зерттеумен етене айналысқан, тұрақты тіркестерді мақалдар мен мәтелдерден іргелеп, олардың өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындаған, фразеологизмдерді жинаумен айналысқан және оларды сөздік етіп құрастырған белгілі ғалым Ө.Ақсой фразеологизмдердің негізгі қасиеті бейнелілігінде, нақты ұғымдылығында, ауыспалы мағыналығы мен құрылымдық ерекшелігінде екенін айтқан және оларды бойындағы белгілеріне орай «формалық», «мағыналық» деп жіктеген [26].

Фразеологизмдерді терең зерттеу олардың халықтың мәдениетін, ұлттың тілдік дәстүрін сақтаудағы маңызды құрал ретіндегі функцияларын айғақтай түседі. Қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологизмдер – қос ұлттың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдени кодының бір бөлігі.

Фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыда қарастыру ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда тұрақты тіркестердің маңыздылығын көрсетті. Қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологиялық бірліктердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін талдай отырып, тұрақты тіркестер халықтың рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі екеніне көз жеткіздік. Сонымен бірге, зерттеу барысында екі ел арасындағы тарихи және мәдени сабақтастықтың терең байланысы анық байқалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Авакова Р.А. Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы: фил. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2003. – 38 б.
2. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128 б.
3. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясының қазіргі ғылыми парадигмалары // ҚР ҰҒА-ның хабаршысы. – 2014. – №1. – Б. 44–57.
4. Kaçar E., Baniyazov A. Ural Batır Destanı'nda Posthümanist İzler: İnsanmerkezcilik Eleştirisi ve Dünya-oluş // Folklor/Edebiyat. – 2024. – Cilt 30. Sayı 118. – S. 377–394. <https://doi.org/10.22559/folklor.2631>
5. Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. – М.: Наука, 1984. – 228 с.
6. Қалыбаева Қ.С. Салыстырмалы түркі фразеологиясы (Қыпшақ тобындағы тілдердің материалы бойынша): фил. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2010. – 12 б.

7. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. – Минск: Тетра Системс, 2004. – 256 с.
8. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. – 2001. – №4. – Б. 39–43.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том / Құраст.: М. Малмақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. – Алматы: Дәуір, 2011. – 800 б.
10. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б.
11. Гаджиева Н.З. Проблемы тюркской ареальной лингвистики. Среднеазиатский ареал. –М.: Наука, 1975. – 303 с.
12. Сәтенова С.К. Қазіргі фразеологиялық зерттеулердің бағыт-бағдары // Ғылымдағы ғұмыр: Ана тілі және Түркі әлемі. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Елтаным, 2014. – Б. 76–79.
13. Yüksel A., Yılmaz L. İngilizce – Türkçe – Arapça Sözlük (Atasözleri ve Deyimler). – Ankara: Birleşik Yayınları, 1993. – 28 s.
14. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
15. Байниязов А.Ж., Байниязова Ж.Т. Түрікше-қазақша сөздік. – Алматы: Атамұра, 2007. – 794 б.
16. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том / Құраст.: Б. Сүйерқұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. – Алматы: Дәуір, 2011. – 744 б.
17. Жалмаханов Ш.Ш., Жартыбаев А.Е. Түркілік «от» ұғымының этимологиясы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №2 (135). – Б. 40–54. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-135-2-40-54>
18. Tanrınar A.N. XIX Asır Türk Edebiyatı Tarihi. – İstanbul: Çağlayan basımevi, 1988. – 153 s.
19. Pala İ. Ansiklopedik Divan Şiiri Sözlüğü. – Ankara: Sevinç Matbaası, 1989. – 55 s.
20. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: оқулық. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 186 б.
21. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Қазақ тіліндегі араб сөздері / құраст. Н.Д. Оңдасынов. 1-том. – Алматы: Білім, 2010. – 167 б.
22. Мухитдинов Р.С. Діни терминдер сөздігі. – Алматы, 2012. – 140 б.
23. Исламдық терминдер сөздігі / Құраст.: М. Исахан, М. Муслимов, С. Көкенай, Б. Сыддықов. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015. – 60 б.
24. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Кіт.: Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – Б. 3–216.
25. Pansat Zh., Khalikova N. Semantic Features of Color in Emotional, Expressive Words: The Concept of «Blue» in the Kazakh Language // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – Vol. 11(2). – P. 85–93. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.556420.2676>
26. Aksoy Ö.A. Deyimler sözlüğü. – İstanbul: İnkilap Kitabevi, 2020. – 1205 s.

REFERENCES

1. Avakova R.A. Qazaq frazeologizmderinin semantikasi: fil. fyl. dok. ... avtoref. [Semantics of Kazakh phraseology: abstract]. – Almaty, 2003. – 38 b. [in Kazakh]
2. Ualiev N. Frazeologia jane tildik norma [Phraseology and language norm]. – Almaty: Respublikalyq baspa kabineti, 1998. – 128 b. [in Kazakh]
3. Smagulova G. Qazaq frazeologiasynyn qazirgi gylymi paradigmalary [Modern scientific paradigms of Kazakh phraseology] // QR UGA-nyn habarshysy. – 2014. – №1. – B. 44–57. [in Kazakh]
4. Kaçar E., Bainiyazov A. Ural Batır Destanı'nda Posthümanist İzler: İnsanmerkezcilik Eleştirisi ve Dünya-oluş [Posthumanist Traces in the Ural Sinking Saga: A Critique of Anthropocentrism and World-becoming] // Folklor/Edebiyat. – 2024. – Cilt 30. Sayı 118. – S. 377–394. <https://doi.org/10.22559/folklor.2631> [in Turkish]
5. Musaev K.M. Leksikologia tiurkskih iazykov [Lexicology of the Turkic languages]. – M.: Nauka, 1984. – 228 s. [in Russian]
6. Qalybaeva Q.S. Salystyrmaly turki frazeologiasy (Qypshaq tobyndagy tilderdin materialy boiynsha): fil. gyl. dok. ... avtoref. [Comparative Turkic phraseology (on the material of languages of the Kipchak group): abstract]. – Almaty, 2010. – 12 b. [in Kazakh]

7. Maslova V.A. Kognitivnaia lingvistika: uchebnoe posobie [Cognitive Linguistics: a textbook]. – Minsk: Tetra Sitem, 2004. – 256 s. [in Russian]
8. Mankeeva J. Qazaq tilin zertteudin kognitivtik negizderi [Cognitive foundations of the study of the Kazakh language] // Tiltanym. – 2001. – №4. – B. 39–43. [in Kazakh]
9. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq. 14-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 14] / Qurast.: M. Malmaqov, Q. Esenova, B. Hinaiat jane t.b. – Almaty: Daur, 2011. – 800 b. [in Kazakh]
10. Qazaq dasturli madenietinin enciklopedialyq sozdigi [Encyclopedic Dictionary of Kazakh traditional culture]. – Almaty: Sozdik-Slovar, 1997. – 368 b. [in Kazakh]
11. Gadjeva N.Z. Problemy tiurkskoï arealnoi lingvistiki. Sredneaziatskiy areal [Problems of Turkic areal linguistics. The Central Asian area]. – M.: Nauka, 1975. – 303 s. [in Russian]
12. Satenova S.K. Qazirgi frazeologialyq zertteulerdin bagyt-bagdary [Directions of modern phraseological research] // Gylymdagy gummyr: Ana tili jane Turki alemi. Halyqaralyq gylymi-teorialyq konferencia materialdary. – Almaty: Eltanym, 2014. – B. 76–79. [in Kazakh]
13. Yüksel A., Yılmaz L. Ingilizce – Türkçe – Arapça Sözlük (Atasözleri ve Deyimler) [Arabic Turkish - English Dictionary (Proverbs and Idioms)]. – Ankara: Birleşik Yayınları, 1993. – 28 s. [in Turkish]
14. Kenesbaev I. Frazeologialyq sozdik [Phraseological dictionary]. – Almaty: Arys, 2007. – 800 b. [in Kazakh]
15. Bainiazov A.J., Bainiazova J.T. Turikshe-qazaqsha sozdik [Turkish-Kazakh dictionary]. – Almaty: Atamura, 2007. – 794 b. [in Kazakh]
16. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq. 3-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 3] / Qurast.: B. Suierqulova, T. Januzaq, O. Jubaeva jane t.b. – Almaty: Daur, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
17. Jalmahanov Sh.Sh., Jartybaev A.E. Turkilik «ot» ugymynyn etimologiasy [Etymology of the Turkic concept of “fire”] // L.N. Gumilev atyndagy Eurazia ulttyq universitetinin habarshysy. Filologia seriasy. – 2021. – №2 (135). – B. 40–54. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-135-2-40-54> [in Kazakh]
18. Tanpınar A.H. XIX Asır Türk Edebiyatı Tarihi [The history of Turkish literature of the 19th century]. – İstanbul: Çağlayan basımevi, 1988. – 153 s. [in Turkish]
19. Pala İ. Ansiklopedik Divan Şiiri Sözlüğü [Encyclopedic Dictionary of Divan Poetry]. – Ankara: Sevinç Matbaası, 1989. – 55 s. [in Turkish]
20. Qqaliev G., Bolganbaev A. Qazirgi qazaq tilinin leksikologiasy men frazeologiasy: oqulyq [Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language: textbook]. – Almaty: Sozdik-Slovar, 2006. – 186 b. [in Kazakh]
21. Arabsha-qazaqsha tusindirme sozdik. Qazaq tilindegi arab sozderi [Arabic-Kazakh Explanatory Dictionary. Arabic words in Kazakh] / qurast. N.D. Ondasynov. 1-tom. – Almaty: Bilim, 2010. – 167 b. [in Kazakh]
22. Muhitdinov R.S. Dini terminder sozdigi [Dictionary of religious terms]. – Almaty, 2012. – 140 b. [in Kazakh]
23. Islamdyq terminder sozdigi [Dictionary of Islamic terms] / Qurast.: M. Isahan, M. Muslimov, S. Kokenai, B. Syddyqov. – Astana: Din maseleleri jonindegi gylymi-zertteu jane taldau ortalygy, 2015. – 60 b. [in Kazakh]
24. Syzdyqova R. Abaidyn soz ornegi. In: Abai jane qazaqtyn ulttyq adebi tili [Abai's word expression. In: Abai and the Kazakh national literary language]. – Almaty: Arys, 2004. – B. 3–216. [in Kazakh]
25. Pansat Zh., Khalikova N. Semantic Features of Color in Emotional, Expressive Words: The Concept of «Blue» in the Kazakh Language // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – Vol. 11(2). – P. 85–93. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.556420.2676>
26. Aksoy Ö.A. Deyimler sözlüğü [Dictionary of idioms]. – İstanbul: İnkilap Kitabevi, 2020. – 1205 s. [in Turkish]